

"Фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге және папиростарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 260 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 751 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 4 наурыздағы № 108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.03.2022 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Фильтрлі, фильтрсіз сигареттерге және папиростарға ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі № 260 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 10, 116-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Фильтрлі, фильтрсіз 20 (жиырма) сигаретке және папиростарға:

- 1) 2018 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін үш жүз алпыс теңге;
- 2) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 маусымды қоса алғанға дейін үш жүз сексен теңге;
- 3) 2019 жылғы 1 шілдеден бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін төрт жүз теңге;
- 4) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 30 маусымды қоса алғанға дейін төрт жүз жиырма теңге;
- 5) 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін төрт жүз қырық теңге;
- 6) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 30 маусымды қоса алғанға дейін төрт жүз алпыс теңге;
- 7) 2021 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін төрт жүз сексен теңге;
- 8) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 маусымды қоса алғанға дейін бес жүз теңге;
- 9) 2022 жылғы 1 шілдеден бастап бес жүз жиырма теңге мөлшерінде ең төменгі бөлшек сауда бағалары белгіленсін."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК